

Валюта жестілігі

2023 жылғы 09 - 13 қазан





Өткен аптаның қорытындысы бойынша **теңге бағамы АҚШ долларына** қатысты аздап өсіп (0.3%), бір доллар 477 теңгені құрады. Теңге жалпы көптеген шетелдік валютаға қатысты нығайды. Тек ресейлік рубльге қатысты 4.77 теңгеден 4.91 теңгеге дейін (2.9%) босаңсыды. Бұған ресейлік валютаның қолдауға ие болғаны себеп болды. Яғни біздің Үкімет секілді Ресей басшылығы да өздерінің экспортқа шығарушыларын валюталық түсім ақшаларының бір бөлігін сатуға міндеттеді. Жалпы бағам белгілеудің ішкі факторлары өзгерген жоқ. Ал факторлардың сыртқыэкономикалық теңгерімінде жағымсыз жайт орын алды.

Айталық, **Доллар индексі** бір апта ішінде 0.6 пунктке нығайып, аптаның соңында 106.7 пункт деңгейінде қалыптасты. АҚШ-та доллар инфляцияға қатысты статистика бойынша болжамдардың жағымсыз сипатта қалыптасқандығы аясында нығаюда. Деректерге сәйкес қыркүйекте Тұтынушылық бағалар индексі бір ай ішінде 0.4%-ға өссе, жылдық тұрғыда 3.7%-ды құрады (болжам бойынша 3.6%-ды құрауы керек болған). Халықтың инфляцияға қатысты түйсігі көңілсіз сипат ала бастады. Ол бес айлық максимумға жетті. Инфляция өршітін болса, Федералдық резервтік жүйе базалық мөлшерлемені көтеретіні анық.

Мұнай бағасы апта барысында әртүрлі бағытта құлпырды, бірақ апта соңында баррель бағасы 90.9 доллар деңгейінде қалыптасты. Апталық өсім - 7.5%-ды құрады. Бағаның бұлайша құбылуын Таяу Шығыстағы әскери қақтығыстың ушығуы мұнай трейдерлеріне (сатушыларына) жағымсыз әсер етіп жатқандығымен түсіндіруге болады.

Аптаның басында Сауд Арабиясы Солтүстік Азиядағы клиенттеріне мұнайды толық көлемде жеткізетіндігін жариялады. Демек бұл мұнай жеткізуде ешқандай кедергі жоқ екендігін білдіреді. Алайда қақтығыс шиеленісіп, Иранның оған қатысу ықтималдығы артқан сайын мұнай бағасы өсіп, бір баррель 90 доллардан асты. Иран қақтығысқа қатысатын болса, АҚШ Иран мұнайын экспортқа шығаруға қатысты санкцияны қатаңдатуы мүмкін. Бұрындары мұнай өндіруді қысқартқаны үшін АҚШ ирандық мұнайдың экспортқа шығарылуы көлемінің артуына көз жұма қарайтын.

Өткен аптада **рубль бағамы** долларға қатысты 3.1%-ға өсіп, бір доллар 97.2 рубльді құрады. Рубль ұзақ уақыт бойы босаңсығаннан кейін қайта нығайды. Мұны Үкіметтің ресейлік валютаның бағамын тұрақтандыру бойынша жүргізіп жатқан шараларының нәтижесі деп түсіну қажет. Бұл жерде негізгі шара – 43 экспорттаушы компаниялардың валюталық түсімнің кемінде 80%-ын сатуға міндеттілігі. Аталмыш шара нарықта шетелдік валютаның ұсыну көлемін арттыруға мүмкіндік береді. РФ Орталық Банкі бағалардың өсу қарқыны бәсеңдемейінше базалық мөлшерлемені жоғары деңгейде ұстап тұратындығы туралы мәлімдемелері де рубльдің нығаюына септігін тигізуде.

Теңге бағамы біз болжаған ауқымда қалыптасуда және бұл экономикалық агенттердің сыртқыэкономикалық өзгерістерге қатысты салқынқандылық танытып жатқандығын көрсетеді. Мұны Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемені 2023 жылдың соңына дейін ағымдағы деңгейінде сақтауды көздейін ниеті аясында ішкі валюталық саудаға қатысушылардың валюталық болжамдарының тұрақталғандығымен түсіндіруге болады. **Біздің болжам бойынша** ағымдағы айда теңге бағамы АҚШ долларына қатысты 473-479 теңге ауқымында болады.

Іргелі факторлар бойынша ақпар

фактордың атауы	2023.13.10 баға белгіленімі	% Δ		теңгеге ықпал ету*	фактордың атауы	2023.13.10 қарасты мән	қайта қарау күні	қайта қарау бағыты	
		апта	ай						
Brent бағасы	90.9	7.5%	-1.1%	▼	ОБ нақты мөлшерлемесі**	ҚРУБ	4.00%	2023.06.10	▲
Доллар индексі	106.7	0.6%	1.8%	▲		АҚШ ФРЖ	2.20%	2023.20.09	▲
USDRUB	97.2	-3.1%	1.1%	▲		ЕОБ	-1.10%	2023.14.09	▲
CDS спреді (USD/KZT)	778.0	+97.2 п.п.	+42.9 п.п.	▲		РФ ОБ	6.00%	2023.15.09	▲

*Jusan Analytics бағалауы өзгерісінің теңге серпініне ықпалы : ▲ әлсіреу, ▼ нығаю

** пайыздың атаулы мөлшерлемесі мен инфляция деңгейінің 12 айдан кейінгі айырмашылығы (монетарлық реттеушілердің болжамы)

Теңгенің шетел валюталарына қатысты бағамы

валюта жұбы	2023.13.10 қарасты бағам	% Δ			12 ай ішінде min	12 ай ішінде max
		апта	ай	жыл басынан бері		
USD KZT	477.0	-0.3%	2.8%	3.1%	431.08	482.77
EUR KZT	502.2	-0.5%	0.9%	1.9%	452.1	509.71
RUB KZT	4.9	2.9%	1.4%	-23.6%	4.42	7.8
CNY KZT	65.3	-0.4%	3.3%	-2.2%	61.26	68.83



Jusan Analytics индекстері мен есептеулері

индекстің атауы	2023.13.10 қарасты мән	% Δ			серпін (соңғы 12 айдағы көрініс)
		апта	ай	жыл басынан бері	
ТЕҢГЕ индексі	88.3	-0.7%	-2.2%	5.5%	
Теңгенің құбылмалылығы*	0.1%	0.5%	1.0%	2.5%	
Экспорттық бағалар индексі	161.0	5.29%	5.3%	2.4%	

* Өзгеру бағаналары құбылмалылық жолағы үшін тиісті кезеңдегі (соңғы 12 ай) орташаны белгілеу үшін қолданылады. Жыл басынан бері бағанында соңғы 12 айдағы орташа жылдық құбылмалылық көрсетіледі.

Jusan Analytics болжамдары


болжам жасалған күн	валюта жұбы	болжам көкжиегі			деректің болжамға сәйкес келуі*	түсініктемелер
		апта	ай	жылдың соңы		
2023.29.09	USDKZT	474.5	475.5	477.9	✓	
2023.06.10		478.4			✓	
2023.13.10		477.0			✓	

* сәйкес келеді, x сәйкес келмейді

Jusan Analytics командасының есебіне сәйкес теңгенің долларға қатысты бағамы бойынша болжам

Үшінші тоқсанның аяқталып, Jusan Analytics командасының кезекті болжамдық раунды кезеңінің келіп жеткендігін ескеріп, біз теңгенің айырбас бағамы бойынша өз болжамымызды жаңарттық. Біздің болжауымызша бұдан әрі қарай теңге бағамы едәуір құбылады. Сөйтіп жыл соңына қарай доллар үшін 472-489 теңге аумағында қалыптасады (жыл басынан санағанда 1.9% - 5.7%-ға, ал қыркүйектің қорытындысы бойынша айқындалған бағаммен салыстырғанда +0.6% мен -3.6%-ға әлсірейді).

● базалық болжам ● оптимистік болжам ● пессимистік болжам ● факт



Автор: Сұңғат Рысбек

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz